

2024-2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы

Жобаның атауы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың даму мониторингі және оларға скрининг жасаудың Қазақстандық стандарты».

ЖТН: AP23488203

Жобаның жалпы қаржысы: 82 310 406 (Сексен екі миллион үш жүз он мың төрт жүз алты) теңге 00 тиын

Жоба жетекшісі: Куралбаева Алия Ахметкаримовна – PhD, доцент

Тақырыптың өзектілігі: Әдетте сыртқы түрі қалыпты және дамудың артта қалу белгілері физикалық тексеру кезінде анықталмайтын балаларды тану және емдеу бала денсаулығының ең маңызды мәселелері болып табылады. Осы себепті 0-6,5 жас аралығындағы балалардың дамуындағы ақауларды анықтауға болатын скринингтік тесттер қажет. Денвер II даму скринингі тесті 0-6,5 жас аралығындағы балалардың даму күйін анықтауға және қолдануға оңай тест болып табылады. Тестті тәжірибе сертификатын алған мектепалды даярлық педагогтары да пайдалана алатындықтан, ол балалардың ерте жаста дамуының артта қалуын анықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта әлемнің 50-ден астам елінде стандартталған Денвер II даму скринингтік тесті қазақстандық стандарттын жасау арқылы Қазақстандағы балаларға қолданылуы өте маңызды.

Тақырыптың мақсаты: Бұл жобаның мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын бақылау және скринингтік тексеру үшін Денвер II даму скринингтік тестінің қазақстандық стандарттын құру болып табылады. Осы мақсатта Денвер II тестін қазақ балаларына қолдануға болатындай ету және Қазақстандағы мектепке дейінгі мекемелерде, балаларды сауықтыру орталықтарында және балалар ауруханаларында Денвер II даму скринингін қолдануды кеңейту.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:

- 2024 жылға: Денвер II скринингтік тестінің жасалуы мен қолданысқа енгізілу жолдары зерделеніп, тест тапсырмалары түпнұсқа тілден (ағылшын) қазақ тіліне аударылады. Тесттегі тапсырмаларды қазақ мәдениетіне бейімделіп, магистранттар мен студенттерге тест тапсырмасына байланысты семинар өткізіледі.

- 2025 жылға: Денвер II скринингтік тестін стандарттау жолдарын зерделеу мақсатында нормативтік үлгі мәліметтерді жиналып, мектеп жасына дейінгі балалардан тест алынады. Валидтілік және сенімділік есептеулерін жасалып, Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша ҚР ҒЖБССҚК тізіміне кіретін журналдарға 4 мақала жарияланады.

- 2026 жылға: Денвер II даму скринингтік тестінің Қазақстандық стандарты атты әдістемелік құралы дайындалып жарияланады, Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 2 (екі) мақала немесе Social Science Citation Index индекстелетін және Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші) немесе 2 (екінші) квартильге және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентиль бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала жарияланады; авторлық куәлік алынады. Денвер II даму скринингтік тестін кеңінен қолдану үшін тренингтер, семинарлар және сертификаттау бағдарламалары ұйымдастырылады.

Зерттеу тобының мүшелері:

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID	Жобадағы қызметі
1	Куралбаева Алия Ахметкаримовна	56043385300	A-4351-2016	0000-0003-3166-5104	Орындаушы/ Жоба жетекшісі
2	Пилтен Гулхиз	36544479700	rid59659	0000-0001-5575-9741	Орындаушы

3	Тасова Асел Баймурзаевна	57195060623	GZB-1793-2022	0000-0001- 6476-7874	Орындаушы
4	Ибрагимова Акбаян Ахметкаримовна	-	JNS-7793-2023	0009-0008- 6134-564X	Орындаушы
5	Құдайберген Жансая Үсенбайқызы	57201288607	-	0009-0004- 1298-5641	Орындаушы

2024/2026 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі
(болған жағдайда)

- 1.
- 2.